



## **Жануарлар дүниесін мемлекеттік қорғау туралы ережені бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2015 жылғы 27 ақпандағы № 18-03/146 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 10 сәуірде № 10700 тіркелді.

"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының 9-бабының 1 тармағының 48) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Жануарлар дүниесін мемлекеттік қорғау туралы ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министрдің  
міндетін атқарушы*

*С. Омаров*

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрінің  
міндетін атқарушы  
2015 жылғы 27 ақпандағы  
№ 18-03/146 бұйрығымен  
бекітілген

### **Жануарлар дүниесін мемлекеттік қорғау туралы ереже**

#### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы жануарлар дүниесін мемлекеттік қорғау ережесі (бұдан әрі – Ереже) "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының 9-бабының 1 тармағының 48) тармақшасына сәйкес әзірленді.

Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін мемлекеттік қорғау (бұдан әрі - жануарлар дүниесін мемлекеттік қорғау) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында басқару және бақылау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органның (бұдан әрі - уәкілетті орган).

## **2. Жануарлар дүниесін мемлекеттік қорғаудың міндеттері мен функциялары**

### **2. Жануарлар дүниесін мемлекеттік қорғаудың негізгі міндеттері:**

1) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы құқық бұзушылықтарды болдырмау және жолын кесу;

2) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу фактілері жөніндегі ақпаратты, талап-арыздарды және өзге де материалдарды уәкілетті, құқық қорғау және сот органдарына жіберу болып табылады.

## **3. Жануарлар дүниесін мемлекеттік қорғаудың ұйымдық құрылымы**

3. Жануарлар дүниесін мемлекеттік қорғау жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану мәселелерімен айналысатын жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мамандандырылған ұйымдардың қызметкерлерінен тұрады.

4. Жануарлар дүниесін мемлекеттік қорғаудың лауазымды тұлғалары: директор, жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі инспекторлар болып табылады.

Жануарлар дүниесін мемлекеттік қорғауға өзіне жүктелген міндеттерді орындау үшін:

1) жеке және заңды тұлғалардың аң және (немесе) балық аулау құқығын беретін құжаттарын тексеру;

2) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар жасау;

3) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында құқық бұзушылықтар жасаған адамдарды ұстап, құқық қорғау органдарына жеткізу;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көлік құралдарын, өзге де объектілер мен орындарды, ал қажет болған кезде - ұсталған адамдардың жеке заттарын жете тексеру;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жеке және заңды тұлғалардан Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасын бұза отырып пайдаланылған атыс қаруын, аулау құралдарының тыйым салынған түрлерін, заңсыз ауланған жануарлар дүниесі объектілері мен олардың тіршілік ету өнімдерін алып қою және олардың одан әрі тиесілі болуы туралы мәселені шешу;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен айырым белгілері бар нысанды киім (погонсыз) кию және қызметтік қару алып жүру құқығы беріледі.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 22.01.2020 № 22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Жануарлар дүниесін мемлекеттік қорғаудың лауазымды адамдарына Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен арнаулы құралдар мен қызметтік қаруды сақтауға, алып жүруге және қолдануға рұқсат беріледі.

6. Жануарлар дүниесін мемлекеттік қорғаудың лауазымды адамдары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен айырым белгілері бар нысанды киіммен (погонсыз) және қызметтік қарумен қамтамасыз етіледі.